

Алқабилер туралы

Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 16 қаңтардағы N 121 Заңы.

МАЗМҰНЫ

Осы Заң қылмыстық сот ісін жүргізуге алқабилердің қатысуына байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді, алқабилердің құқықтық мәртебесін, тәуелсіздігінің кепілдіктерін, олардың қызметін қамтамасыз етудің құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін айқындайды.

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) алқаби - соттың қылмыстық істі заңда белгіленген тәртіппен қарауына қатысуға шақырылған және ант қабылдаған Қазақстан Республикасының азаматы;

2) алқабиге кандидат - Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес кейіннен алқабилерді іріктеу рәсіміне қатысу үшін алқабиге кандидаттардың бірыңғай тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасының азаматы;

3) алып тасталды – ҚР 14.07.2022 № 141-VII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

4) алып тасталды – ҚР 14.07.2022 № 141-VII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

5) алқабиге кандидаттардың бірыңғай тізімі - азаматтардың тиісті облыстық және оған теңестірілген сот төрағасы айқындайтын санын қамтитын, облыстан (республикалық маңызы бар қаладан, астанадан) алқабиге кандидаттардың тізімі;

6) алып тасталды – ҚР 14.07.2022 № 141-VII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

7) алып тасталды – ҚР 14.07.2022 № 141-VII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

8) кездейсоқ таңдау - іріктеудің кездейсоқтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін технологияларды пайдалана отырып, алқабиге кандидаттардың бірыңғай тізімінен азаматтарды іріктеу;

9) облыстық және оған теңестірілген соттың қалыпты жұмысын қамтамасыз ету үшін қажетті азаматтар саны - соттардың алқабилердің қатысуымен қарауына жататын істердің жылдық орташа саны негізінде белгіленетін азаматтардың болжамды саны.

Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 14.07.2022 № 141-VII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2-бап. Қазақстан Республикасының алқабилер туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының алқабилер туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңынан, Қылмыстық іс жүргізу кодексінен, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3-бап. Алқабидің мәртебесі

1. Алқабилердің құқықтық жағдайы осы Заңда айқындалады.

2. Алқабиге Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде белгіленген тәртіппен қылмыстық іс бойынша сот төрелігін жүзеге асыруға қатысу жөніндегі өкілеттіктер берілген.

3. Қазақстан Республикасының алқабилері тең мәртебеге ие.

4-бап. Алқабиге кандидаттардың бірыңғай тізімі

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-тармаққа өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 09.01.2026 № 256-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Алқабилерді іріктеу процесіне Қазақстан Республикасы азаматтарының қатысуын қамтамасыз ету мақсатында алқабилерге кандидаттардың бірыңғай тізімі соттың сұрау салуы бойынша Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық-талдау жүйесі және "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілері арқылы электрондық нысанда қалыптастырылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2-тармаққа өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 09.01.2026 № 256-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2. Мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес алқабиге кандидаттардың бірыңғай тізімін қалыптастыру үшін ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық-талдау жүйесіне мәліметтер ұсынуға міндетті.

3. Алқабиге кандидаттардың бірыңғай тізімі әліпби тәртібімен қалыптастырылады. Тізімде алқабиге кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), туған жылы (жасы жиырма бесте болса – қосымша күні мен айы) және тұрғылықты жері бойынша тіркелуі көрсетіледі.

Ескерту. 4-бап жаңа редакцияда – ҚР 14.07.2022 № 141-VII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5-бап. Алқабиге кандидаттардың бірыңғай тізіміне енгізілетін азаматтардың саны

Алқабиге кандидаттардың бірыңғай тізіміне тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте тұрғылықты жері бойынша тіркелген және осы Заңның 10-бабының талаптарына сай

келетін Қазақстан Республикасының азаматтары тиісті облыстық және оған теңестірілген соттың төрағасы айқындайтын шамада енгізіледі.

Ескерту. 5-бап жаңа редакцияда – ҚР 14.07.2022 № 141-VII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6-бап. Алқабиге кандидаттардың бастапқы тізімдерін жасау рәсімі

Ескерту. 6-бап алып тасталды – ҚР 14.07.2022 № 141-VII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7-бап. Алқабиге кандидаттардың қосалқы тізімін жасау рәсімі

Ескерту. 7-бап алып тасталды – ҚР 14.07.2022 № 141-VII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

8-бап. Алқабиге кандидаттардың бірыңғай тізімін жасау рәсімі

Ескерту. 8-бап алып тасталды – ҚР 14.07.2022 № 141-VII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

9-бап. Алқабиге кандидаттардың қосымша тізімі

Ескерту. 9-бап алып тасталды – ҚР 14.07.2022 № 141-VII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

10-бап. Алқабиге кандидаттарға қойылатын талаптар

1. Алқабиге кандидаттардың тізімдеріне:

- 1) алқабилердің тізімдерін жасау кезінде жиырма бес жасқа толмаған;
- 2) өтелмеген не алынбаған сотталғандығы бар;
- 3) сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған адамдар;
- 4) судьялар, прокурорлар, тергеушілер, адвокаттар, мемлекеттік қызметшілер мен әскери қызметшілер, сондай-ақ құқық қорғау органдарының қызметкерлері;
- 5) психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтарының (ауруларының) себебі бойынша денсаулық сақтау ұйымдарында есепте тұрған адамдар енгізілмейді.

2. Алқабиге кандидаттардың тізімдеріне азаматтарды енгізуге шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге мән-жайлар бойынша қандай да бір шек қоюға жол берілмейді.

3. Алқабиге кандидаттардың тізімдерінен:

- 1) қылмыстық іс бойынша сот ісі жүргізілетін тілді білмейтін адамдар;
- 2) өздерінің дене кемістігі немесе психикалық кемістігі салдарынан алқабидің міндеттерін атқаруға қабілетсіз адамдар;
- 3) алпыс бес жастан асқан адамдар;
- 4) діни қызметшілер өздерінің жазбаша өтініші бойынша алып тасталады.

Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 07.07.2020 № 361-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

11-бап. Азаматтардың құқықтары мен міндеттері

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі мен осы Заңда белгіленген тәртіппен алқабиге кандидаттарға қойылатын талаптарға сай келетін Қазақстан Республикасы азаматтарының қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысуы қамтамасыз етілуге тиіс.

2. Алып тасталды – ҚР 14.07.2022 № 141-VII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3. Алып тасталды – ҚР 14.07.2022 № 141-VII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4. Алып тасталды – ҚР 14.07.2022 № 141-VII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5. Сот отырысының орны мен басталу уақыты туралы хабарлама алған азаматтар алқабилерді іріктеу рәсіміне қатысу үшін сотқа келуге міндетті. Азаматтың дәлелсіз себептермен келмей қалуы Қазақстан Республикасының заңында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 14.07.2022 № 141-VII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

12-бап. Алқабиге кандидаттардың тізімдеріне енгізбеу, заңсыз енгізу немесе тізімнен шығарып тастау бойынша жергілікті атқарушы органдардың шешімдеріне шағым жасау

Ескерту. 12-бап алып тасталды – ҚР 14.07.2022 № 141-VII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

13-бап. Алқабидің құқықтары, міндеттері және істі қарауға байланысты іс-әрекеттеріндегі шектеулер

1. Алқабиге:

1) өзінің ішкі нанымы бойынша істің мән-жайын өз бетінше бағалауға және алқабилер алқасының алдына қойылатын сұрақтарға жауап беруге мүмкіндік алу үшін сотта қаралатын дәлелдемелерді зерттеуге қатысуға;

2) процеске қатысушыларға төрағалық етуші арқылы сұрақтар қоюға;

3) заттай дәлелдемелерді, құжаттарды тексеріп қарауға, жерді және үй-жайларды тексеріп қарау ісіне, сот тергеуіндегі барлық басқа да іс-әрекеттерге қатысуға;

4) төрағалық етушіге заңнама нормаларын, сондай-ақ сот отырысында жария етілген құжаттардың мазмұнын және іске қатысты, өзіне түсініксіз басқа да мәселелерді түсіндіруді сұрап өтініш жасауға;

5) сот отырысы кезінде жазбалар жасауға құқылы.

2. Алқабиге:

1) сот отырысында тәртіп сақтауға және төрағалық етушінің заңды өкімдеріне бағынуға;

2) алқабидің міндеттерін атқару үшін, сондай-ақ, егер сот отырысында үзіліс жарияланған немесе істі тыңдау кейінге қалдырылған жағдайда, сот талқылауын жалғастыру үшін сот көрсеткен уақытта келуге;

3) сотқа келуге мүмкіндігі болмаған жағдайда, төрағалық етушіге келмеудің себептері туралы алдын ала хабарлауға міндетті.

3. Алқабидің:

1) істі тыңдау кезінде сот отырысының залынан кетуге;

2) істі тыңдау кезінде сот құрамына кірмейтін адамдармен төрағалық етушінің рұқсатынсыз іс бойынша сөйлесуге;

3) істі қарау барысында мәліметтерді сот отырысынан тыс жинауға;

4) жабық сот отырысына қатысуына байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы мәліметтерді жария етуге, сондай-ақ кеңесу бөлмесінің құпиясын бұзуға құқылы емес.

4. Алқабидің өз міндеттерін атқармауы, сондай-ақ осы бапта көзделген шектеулерді сақтамауы Қазақстан Республикасының заңында белгіленген жауаптылыққа, сондай-ақ төрағалық етушінің алқабиді істі қарауға одан әрі қатысудан шеттетуге мүмкіндігіне әкеп соғады.

14-бап. Алқабидің анты

1. Алқабидің ретінде қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысу үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде белгіленген тәртіппен іріктелген адам мынадай мазмұнда ант қабылдайды:

"Алқабидің міндеттерін атқаруға кірісе отырып, өз міндеттерімді адал және бейтарап атқаруға, сотта қаралған барлық дәлелдемелерді, дәлелдерді, істің мән-жайын назарыма алуға, ерікті азамат және әділ адам ретінде істі өзімнің ішкі нанымым мен ар-ожданым бойынша шешуге салтанатты түрде ант етемін".

2. Алқабидің "Ант етемін" деген сөздерді айтумен антты қабылдауын растайды.

15-бап. Азаматтың алқабидің міндеттерін атқару тәртібі мен мерзімдері

1. Істі қарауға қатысу үшін сотқа алқабидің кандидатардың қажетті санын шақыртуды алқабилердің қатысуымен қылмыстық істі қарайтын соттың төрағалық етуші судьясының өкіміне сәйкес сот отырысының хатшысы жүзеге асырады.

2. Азаматтар сотта алқабидің міндеттерін атқаруға күнтізбелік жыл ішінде көп дегенде бір рет, қылмыстық іс қаралатын барлық уақытқа шақырылады.

3. Сотқа шақырылған, бірақ алқабилер алқасының құрамына іріктеп алынбаған адамдар басқа сот отырысына алқабидің ретінде қатысу үшін тартылуы мүмкін.

16-бап. Алқабидің еңбегіне ақы төлеу. Алқабидің кандидатар мен алқабилердің шығыстарын төлеу. Алқабилердің еңбек қатынастарындағы кепілдіктері

1. Алқабидің облыстық және оған теңестірілген соттың қызметін материалдық-техникалық және өзге де қамтамасыз етуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган нақты іс қаралып болғаннан кейін, ал егер істі қарау созылатын

болса, ай сайын бюджет қаражаты есебінен аудандық сот және оған теңестірілген сот судьясының (1 жылға дейін өтілі бар) лауазымдық жалақысының жартысы мөлшерінде, бірақ алқабидің сотқа қатысу уақытына (жұмыс күнінің санына) барабар, оның негізгі жұмыс орны бойынша орташа жалақысынан кем емес мөлшерде сыйақы төлейді.

2. Алқабиге кандидатқа (алқабиге) іссапар шығыстары республикалық бюджет қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерде өтеледі.

3. Алқабидің сотта міндеттерін атқару уақыты еңбек стажын есептеген кезде есепке алынады.

4. Алқабидің міндеттерін атқару кезінде оның негізгі жұмыс орны сақталады. Алқабидің сотта міндеттерін атқаруы кезінде оны жұмыс берушінің бастамасымен жұмыстан шығаруға немесе ақысы төмен жұмысқа ауыстыруға жол берілмейді.

Ескерту. 16-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 27.12.2019 № 292-VI (2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін, қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамдарын алқабилер қатысатын соттың қарауына жатқызу туралы ережелерді қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

17-бап. Алқабидің тәуелсіздігіне кепілдіктер

1. Алқабидің сотта өз міндеттерін атқарған кезеңде оған судьялардың тәуелсіздігіне заңдарда белгіленген кепілдіктер қолданылады.

2. Сотта міндеттерін атқару кезінде алқабидің тәуелсіздігі:

1) сот төрелігін жүзеге асырудың заңда көзделген рәсімімен;

2) сот төрелігін жүзеге асыруға қатысу бойынша алқабидің қызметіне кімнің болса да араласуына жауаптылық қаупі арқылы тыйым салумен қамтамасыз етіледі.

3. Алқабидің, оның отбасы мүшелері және олардың мүліктері мемлекеттің қорғауында болады. Қылмыстық істі жүргізетін орган, егер сотта міндеттерін атқарушы алқабиден тиісті өтініш келіп түссе, сондай-ақ аталған адамдардың қауіпсіздігіне немесе олардың мүліктерінің сақталуына қауіп төнудің басқа да айғақтары анықталған жағдайларда, алқабидің, оның отбасы мүшелерінің қауіпсіздігін, оларға тиесілі мүліктердің сақталуын қамтамасыз ету бойынша қажетті шараларды қолдануға міндетті.

18-бап. Алқабиге өз міндеттерін атқаруына кедергі келтіретін тұлғалардың жауаптылығы

Алқабиге міндеттерін атқаруына кедергі келтіретін тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

19-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Заң 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК